

1994 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік маңызы бар өнімдерін экспортқа шығаруға арналған квоталар туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 16 қараша 1993 ж. N 1142

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1994 жылы мемлекеттік маңызы бар өнімдерді экспортқа шығаруға арналған квоталар қосымшаға сәйкес (ТМД мен Балтық елдеріне өнім беріп тұруды қоспағанда) б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мемлекеттік маңызы бар өнімдерді экспортқа шығаруға арналған квоталардың мөлшерін 5 күндік мерзімде мүдделі министрліктер мен ведомстволарға жеткізетін болсын.

3. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің келісуі бойынша 2 апталық мерзімде аталған квота мөлшерін мемлекеттік маңызы бар өнімдерді өндіретін кәсіпорындар бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігіне ж е т к і з с і н .

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі мемлекеттік сыртқы сауда компанияларын-экспортерлерді көрсете отырып, мемлекеттік маңызы бар өнімдерді экспортқа шығаруға арналған квоталарды бір апталық мерзімде облыс әкімдері мен өнім өндіруші кәсіпорындарға жеткізсін.

5. Шаруашылық жүргізуші субъектілерге жөнелтілмеген өнім

мөлшеріне арналып 1993 жылғы квоталар бойынша берілген лицензиялардың, 1993 жылы өндірілген және тиісті құжаттамамен расталған өнімдердің лицензияларынан басқасы, мерзімі ұзартуға жатпайды.

6. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі экспортқа шығарылатын өнімдерді жөнелту үшін көлік құралдары бөлінуін және уақтылы беріліп тұруын бірінші кезектегі тәртіппен қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 16 қарашадағы

N 1142 қаулысына

Қосымша

1994 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік
маңызы бар өнімдерін экспортқа шығаруға (ТМД мен
Балтық елдеріне өнім беріп тұруды қоспағанда) арналған
Квоталар

Өнім атауы	! Өлшем ! бірлігі	! Квотаның ! мөлшері
Мұнай	мың т.	5600
оның ішінде БК-ны қоспағанда	мың т.	2400
Кокстеуге арналған көмір	мың т.	1000
Дизель отыны	мың т.	490
Автомобиль бензині	мың т.	100
Жағатын мазут	мың т.	800
Табиғи газ	млрд. текше м.	3
Мыс	мың т.	146
Мырыш	мың т.	134
Қорғасын	мың т.	70
Хром рудасы	мың т.	1100
Ферроқорытпалар	мың т.	650
Алюминий қорытпалары	т.	500
Қара металдар прокаты	мың т.	1200
Ақ қаңылтыр	мың т.	80
Сирек және жерде сирек кездесетін металдар, олардың қосындылары мен бұйымдары	млн. доллар	200
Таза күйіндегі жүн	мың т.	9,8

Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілген - ҚРМК-нің 1994.04.26. N 435
қаулысымен.

